

## **Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 13 мамырдағы № 394 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша, 15 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

## **Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары**

### **Кіріспе**

Осы Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 27-тармағын орындау үшін әзірленді.

АӨК дамыту саласында іске асырылып жатқан мемлекеттік саясат АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Негізгі бағыттар өндіріске қарқын беру және оны әртараптандыру, заманауи агротехнологияларды ендіру, суды көп қажет ететін және монодақылдың үлесін қысқарту, жоғары рентабельді дақылдардың алаңдарын кеңейту, отандық тұқыммен қамтамасыз етуді арттыру, ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту, мал басының өнімділігін және малдың генетикалық әлеуетін арттыру, қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жөніндегі қуатты кеңейту, сондай-ақ шаралардың қолжетімділігін арттыру, мемлекеттік қолдау, оның ішінде жеңілдетілген кредит беру болып табылады.

2023 жылмен салыстырғанда АӨК орнықты оң серпін көрсетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,3 есе ұлғайып, 9,8 трлн теңгені құрады. Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің индексі 105,9 % құрады. Азық-түлік өндірісінің көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 1,2 есе өсіп, 3,9 трлн теңгеге жетті. Азық-түлік өндірісінің нақты көлемінің индексі 2025 жылы 108,1 % құрады. АӨК өнімінің экспорты 10 жылда алғаш рет елге шамамен 3,5 трлн теңге валюталық түсім немесе 7 млрд АҚШ долларын әкелді.

Өндірістік көрсеткіштердің өсуі ауқымды мемлекеттік қолдау және агротехнологияларды ендіру есебінен қамтамасыз етілді. 2025 жылы салаға жеңілдетілген кредит беру көлемі шамамен 1 трлн теңгені құрады. Сондай-ақ 2025 жылы дақылдарды нақты әртараптандыру жүргізілді: бидай монодақылдың алқаптары 900 мың гектарға қысқартылды, бұршақ және майлы дақылдар алқаптары тиісінше 275 мың гектарға және 1 млн гектардан астам ұлғайтылды.

Минералды тыңайтқыштарды қолдану деңгейі 1,8 млн тоннаға жетті, элиталық тұқымдардың үлесі 11,6 %-ға дейін өсті. Ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингінің көлемі алғаш рет 250 млрд теңгеге жетті, бұл екі жыл ішінде жаңарту деңгейін 6,5 %-ға дейін арттыруға, сондай-ақ техника паркінің тозу деңгейін 80 %-дан 70 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Алынған ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі ішкі нарықтың сұранысын толық қамтамасыз етеді және жоғары экспорттық әлеуетті қалыптастырады. Астық экспорты 2024 – 2025 жылдары 15,3 млн тоннаны құрады, бұл соңғы 20 жылдағы ең үлкен көрсеткіш. Экспорт географиясы әлемнің 50-ден астам елін қамтиды.

Мал шаруашылығы секторы да тұрақты өсуді көрсетеді. Мал басы көбейіп, асыл тұқымды база дамып, өнімділік артып келеді. 2025 жылы алғаш рет 100,7 мың тонна ет экспортталды.

Мал шаруашылығын белсенді дамыту, оның ішінде елдегі ветеринариялық қауіпсіздікті және эпизоотиялық жағдайды тұрақтандыру бойынша жүргізілген жүйелі жұмыс есебінен қамтамасыз етілді. Эпизоотиялық жағдайдың айтарлықтай жақсарғаны байқалады: 2023 жылдан бері ауру ошақтарының саны 63 %-ға азайды. Вакцинация және диагностика саласында қолданылатын вакциналардың сапасын бақылау күшейтілді, сондай-ақ отандық вакциналар мен диагностикалық құралдардың үлесі 54

%-дан 77 %-ға дейін ұлғайды, бұл импортқа тәуелділікті төмендетуге және ветеринариялық қауіпсіздік жүйесінің тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

Қадағалау жүйесін жетілдіру мақсатында ақпараттық жүйелер пысықталып, "ВетЛаб", "Карантиндеу", "РЭО" және "ВСС" модульдері іске қосылды, бұл ветеринариялық бақылаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Дүниежүзілік жануарлар саулығын сақтау ұйымы аусыл, құс тұмауы, африкалық және классикалық доңыз обасы, сондай-ақ африкалық жылқы обасы сияқты бірқатар аса қауіпті аурулар бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлері мен аумақтарының әл-ауқатын мойындады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және субсидия төлемдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялау тетіктерін жетілдіру бойынша жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Айталық, өтеусіз негізде ұсынылатын, негізгі мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланған субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі әзірленіп, енгізілді. Жүйеде электрондық өтінім беру және өңдеу, өтінімдердің жария тізілімі және форматтылогикалық бақылау іске асырылды. Бұл жүйе ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді, өйткені әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні қарау және субсидия беру процесін онлайн режимде бақылай алады, адами фактордың әсерін барынша азайтады және процестерді автоматтандырады.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мемлекеттік қолдау алу жауапкершілігін арттыру мақсатында 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап АӨК жалпы өнімінің өсуі түріндегі субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелер енгізілді, бұл жиынтығында барлық салалық көрсеткіштердің өзгеруін көрсетеді және мемлекеттік қолдау шараларының нәтижелілігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

2025 жылы АӨК-нің үдемелі дамуы өнеркәсіп, көлік, логистика және қойма инфрақұрылымы объектілерінің қосымша жүктемесін қамтамасыз ете отырып, экономиканың аралас салаларына 10 трлн теңгеден астам көлемде мультипликативтік әсерді қамтамасыз етті.

Аграрлық секторда қабылданып жатқан шаралар отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды, тыңайтқыштар, буып-түю материалдары мен ілеспе өнімдер өндірісін қоса алғанда, аралас өндірістердің белсенді дамуына ықпалын тигізеді, бұл өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының жүктемесінің өсуін қамтамасыз етті.

Бұл әсерге ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруден бастап оны өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға және дайын өнімді сатуға дейінгі қосылған құнның толық тізбегін дамытуға бағытталған кешенді ведомствоаралық өзара іс-қимыл есебінен қол жеткізілді.

Ирригациялық жүйелерді жаңғырту және ауыл шаруашылығы өнімдерін үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету көлік логистикасы мен инженерлік инфрақұрылым

салаларын дамытуда маңызды рөл атқарды, бұл жиынтығында өндірістік процестердің тиімділігін арттырып, шығындарды азайтты.

Сонымен қатар отандық өнімді өткізуді ынталандыру жөніндегі шаралар, оның ішінде мемлекеттік сатып алу тетіктері арқылы және фермерлер мен отандық тауар өндірушілердің ішкі нарыққа қатысуын кеңейту саудадағы айналымды ұлғайтуға және қойма қуаттарын жүктеуге ықпалын тигізеді.

Лизинг пен кредиттеуді субсидиялауды қоса алғанда, АӨК субъектілерін қаржылық қолдау құралдарын кеңейту, сондай-ақ сақтандыру және кепілдік беру тетіктері экономиканың тоғыспалы секторларындағы инвестициялық белсенділікке қосымша серпін берді.

Жеке бизнес сегменті, оның ішінде зертханалық және сертификаттық көрсетілетін қызметтер саласында бөлек дамуда. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен экспорттау көлемінің өсуі агрохимиялық, ветеринариялық және фитосанитариялық зерттеу жүргізуге сұраныстың артуына алып келді, бұл жеке зертханалар желісін кеңейтуге, оларды жаңғыртуға инвестиция тартуға және көрсетілетін қызметтердің сапасының артуына ықпалын тигізеді.

АӨК-ні цифрландыруға бағытталған IT-саласының дамуы қосымша серпін алды. Егіс мониторингі, өндірістік процестерді басқару, өнімді есепке алу және қадағалау саласында цифрлық шешімдерді ендіру, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың өзара іс-қимылы үшін платформалық сервистерді дамыту отандық IT-өнімдерге сұранысты қалыптастыруға ықпалын тигізеді және тиісті технологиялық құзыреттердің дамуын ынталандырды.

Жиынтығында аталған факторлар аралас салаларды жедел дамытуға, өндірісті оқшаулау көлемі мен деңгейін арттыруға, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған тұрақты синергетикалық әсердің қалыптасуын қамтамасыз етті.

АӨК дамыту саясаты салаға одан әрі қарқын беруге және оны әртараптандыруға, өндірістің тиімділігі мен технологиялылығын арттыруға, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталатын болады.

Кешенді жоспар Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2026 – 2030 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру үшін әзірленді және өңірлер бөлінісінде қойылған мақсаттарды, міндеттер мен басымдықтарды іс жүзінде іске асыруға, сондай-ақ АӨК дамыту саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

## Паспорт

1.	Атауы	Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың
----	-------	--

		2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары
2.	Әзірлеу негізі	Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 27-тармағы
3.	Іске асыру мерзімі	2026 – 2028 жылдар
4.	Әзірлеуші мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушылардың атауы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, СИМ, ЖАО, "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ, "ҰАҒББО" КеАҚ, "АНК" АҚ
5.	Кешенді жоспарды қабылдаудың қажеттігі туралы негізгі проблемалар мен оларды шешу жөніндегі міндеттер көрсетілген қысқаша ақпарат	Қазақстан Республикасының агроэкономикасын дамытудың 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдау АӨК-ні одан әрі жандандыру және әртараптандыру, өндірістің тиімділігі мен технологиялылығын арттыру, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту қажеттігімен негізделген

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көлемі, млн теңге	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	----------------------	------------------	--------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер:						
1. Дәнді дақылдарды жалпы жинау көлемін 2026 жылы 21,7 млн тонна, 2027 жылы 23,0 млн тонна, 2028 жылы 24,3 млн тонна деңгейінде қамтамасыз ету.						
2. Майлы дақылдарды жалпы жинау көлемін 2026 жылы 4,1 млн тонна, 2027 жылы 4,3 млн тонна, 2028 жылы 4,5 млн тонна деңгейінде қамтамасыз ету.						
3. Ғылыми негізделген сұранысқа қарай тыңайтқыш енгізу үлесі: 2026 жылы – 73 %, 2027 жылы – 85 %, 2028 жылы – 100 %.						
4. Машина-трактор паркін жаңарту деңгейі: 2026 жылы – 8 %, 2027 жылы – 8,5 %, 2028 жылы – 9 %.						
5. Ірі қара мал басының санын ұлғайту: 2026 жылы – 8 479 мың бас, 2027 жылы – 9 072 мың бас, 2028 жылы – 9 889 мың бас.						

6. Ұсақ мал басының санын ұлғайту: 2026 жылы – 21 263 мың бас, 2027 жылы – 22 539 мың бас, 2028 жылы – 24 116 мың бас.

7. Жылқы санын ұлғайту: 2026 жылы – 4 848 мың бас, 2027 жылы – 5 212 мың бас, 2028 жылы – 5 681 мың бас.

8. АӨК-дегі өңделген өнімнің үлесі (сүт, ет, күнбағыс тұқымы, күріш, жүгері, қарақұмық) 2026 жылы – 70 %, 2027 жылы – кемінде 70 %, 2028 жылы – кемінде 70 %.

9. Тамақ өнімдерін өндіру көлемін 2026 жылы 4 000 млрд теңгеге, 2027 жылы 4 200 млрд теңгеге, 2028 жылы 4 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту.

10. АӨК өнімдерінің экспортын ұлғайту: 2026 жылы – 6,8 млрд АҚШ доллары, 2027 жылы – 7,0 млрд АҚШ доллары, 2028 жылы – 7,2 млрд АҚШ доллары.

11. Азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) қамтамасыз етудің жыл сайынғы деңгейі кемінде – 80 %.

12. Диагностикалық зерттеулермен қамтылған жануарлардың аса қауіпті ауруларының үлесі – зерттелетін аурулардың кемінде 35,3 % қамту.

1-бағыт. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі

1.	Өңірлер бөлінісінде егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру (Кешенді жоспарға 1-қосымша) *	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
2.	"Азық-түлік корпорациясы " ҰҚ" АҚ өндірістік объектілерінде логистикалық және инфрақұрылымдық базаны жаңғырту	жобалық және басқа құжаттама	АШМ, " Азық-түлік корпорациясы " ҰҚ" АҚ ( келісу бойынша)	" 2026 және 2027 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 8 000,0 млн теңге; 2027 жыл – 4 000,0 млн теңге	РБ**
3.	АӨК субъектілерін сақтандырумен қамту	АШМ-ға ақпарат	"АНК" АҚ ( келісу бойынша)	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 9 000 млн теңге; ; 2027 жыл – 10 000 млн теңге; 2028 жыл – 12 000 млн теңге	РБ**
	Малдың орташа тәуліктік салмақ қосуын арттыруға және жоғары					

4.	салмақ кондициясын а жету кезеңін қысқартуға ықпалын тигізетін заманауи технологияла р д ы пайдалану негізінде аустралиялық әдіс бойынша ірі қара мал мен ұсақ малды және м а л базарларын өсіру бойынша ет кластерін құру	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	-	РБ**
5.	Балық шаруашылығ ы саласындағы инвестициялы қ жобаларды іске асыру	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
6.	" Инвестицияла рға тапсырыс" бағдарламасы н іске асыру	ҰЭМ-ге ақпарат	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
2-бағыт. АӨК-дегі цифрландыру						
7.	Өсімдік шаруашылығ ы н д а қадағалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу және ендіру	өсімдік шаруашылығ ы н д а қадағалаудың ақпараттық жүйесін тәжірибелік пайдалануға ендіру	АШМ	2026 жылдың төртінші тоқсаны	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	т а л а п етілмейді
8.	ЖИ деректері негізінде саланы басқару үшін АӨК (Е-АӨК) бірыңғай цифрлық	А ө К бірыңғай цифрлық платформасы	АШМ	2026 жылдың төртінші тоқсаны	т а л а п етілмейді	

	платформасын әзірлеу және ендіру	н тәжірибелік пайдалануға ендіру				талап етілмейді
9.	QR кодтары мен блокчейнді пайдалана отырып, мал шаруашылығы өнімдерінің толық өмірлік циклін қадағалауды қамтамасыз ету	демонстрация хаттамасы	АШМ	2027 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
10.	Бірыңғай архитектуралық контурды қалыптастыру үшін ақпараттық жүйелерді "QazTech" платформасына көшіру	АШМ-нің QazTech платформасына аударылған ақпараттық жүйелері	АШМ	2027 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
11.	Жүргізіліп жатқан селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды есепке алудың кеңейтілген функционалы мен САТЖАҚ цифрлық платформасын жетілдіру	техникалық құжаттама	АШМ	2027 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
12.	Е-АӨК-де деректерді шоғырландыру үшін цифрлық технологияларды пайдаланатын фермалардың цифрлық деректерін интеграцияла	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	АШМ	2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	

	у мүмкіндігі мәселесін пысықтау					талап етілмейді
3-бағыт. Мемлекеттік қолдау шаралары						
13.	Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, қаржы құралдары, өңдеу кәсіпорындары және балық шаруалығы)	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
14.	Қаржы институттарының облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау жолымен асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға жеңілдетілген кредит беру	АӨК субъектілерімен жасалған кредиттік шарттар	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 260 000 млн теңге; 2027 жыл – 300 000 млн теңге; 2028 жыл – 300 000 млн теңге	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты
15.	Қаржы институттарының облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау жолымен мал шаруашылықтарының айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікпен кредит беру	АӨК субъектілерімен жасалған кредиттік шарттар	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 104 000 млн теңге; 2027 жыл – 250 000 млн теңге; 2028 жыл – 250 000 млн теңге	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты

16.	Қаржы институттарының облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау жолымен А Ө К субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру	АШМ-ақпарат	ға	"АНК" АҚ (келісу бойынша)	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 168 750,0 млн теңге; 2027 жыл – 213 767,9 млн теңге; 2028 жыл – 227 988,5 млн теңге	РБ**
17.	Қаржы институттарының облигациялық қарыздары бойынша купондық сыйақыны субсидиялау жолымен ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі	АШМ-ақпарат	ға	"АНК" АҚ (келісу бойынша)	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 115 000,0 млн теңге; 2027 жыл – 144 932,5 млн теңге; 2028 жыл – 185 932,5 млн теңге	РБ**
18.	Элеваторлық қуаттарды салу мен жаңғыртуды жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасын іске қосу	жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасын іске қосу		АШМ, "АНК" АҚ (келісу бойынша)	2026 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	РБ**
19.	Элеваторлық қуаттарды салу мен жаңғыртуды жеңілдікпен қаржыландыру	А Ө К субъектілерімен жасалған кредиттік шарттар		АШМ, "АНК" АҚ (келісу бойынша)	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 60 000,0 млн теңге; 2027 жыл – 50 000,0 млн теңге; 2028 жыл – 50 000,0 млн теңге	РБ**
	Оператордың жемдік қорды сақтау			"Азық-түлік корпорациясы	2026, 2027 және 2028	2026 жыл – 1 440,0 млн теңге;	

20.	жөніндегі шығыстарын республикалық бюджеттен өтеу	АШМ-ға ақпарат	"ҰК" АҚ (келісу бойынша)	(жылдардың төртінші тоқсаны	2027 жыл – 1 440,0 млн теңге; 2028 жыл – 1 440,0 млн теңге	РБ**
21.	А Ө К саласындағы жобаларды жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобалардың жылдық 2,5 %-бен іске асыру (Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі)	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 350 000 млн теңге; 2027 жыл – 350 000 млн теңге; 2028 жыл – 400 000 млн теңге	РБ**
22.	Өңдеуші кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікпен кредит беру	А Ө К субъектілерімен жасалған кредиттік шарттар	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл-50 000 млн теңге; 2027 жыл-150 000 млн теңге; 2028 жыл-200 000 млн теңге	БТИ (ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты)
23.	А Ө К саласындағы жобаларды жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобалардың жылдық 2,5 %-бен іске асыру (Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі)	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	2026 жыл – 350 000 млн теңге; 2027 жыл – 350 000 млн теңге; 2028 жыл – 400 000 млн теңге	А Ө К саласындағы жобаларды жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобалардың жылдық 2,5 %-бен іске асыру (Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі)
4-бағыт. Ауыл шаруашылығы өнімдерін бөлу						
	Жұмыс істеп тұрған қайта өңдеу кәсіпорындарының			2026, 2027 және 2028		

24.	шикізатпен жүктелуін қамтамасыз ету (Кешенді жоспарға 2-қосымша)	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
25.	Жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бойынша кемінде 1 кәсіпорын ашу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
26.	2030 жылға дейінгі көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту тұжырымдамасы шеңберінде трансшекаралық бес хабта ("Еуразия" ТСО, "Алатау" ИСЛК, "Орталық Азия" ХӨКО, Қорғас желісі, Каспий желісі) аграрлық экспортты дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖАО, СИМ, АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
27.	Органикалық өнім өндірушілерді сертификаттау	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
28.	Негізгі елдерде, оның ішінде әлеуетті импорттаушыларда экспорттық өкілдіктер мен аграрлық атташелер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	АШМ	2026 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	

	к ұ р у мәселесін пысықтау					т а л а п етілмейді
29.	Қ а й т а өңделген өнімнің экспортын кеңейту мақсатында ветеринариял ы қ және фитосанитари я л ы қ келісімдерге, хаттамаларға кол қою	ветеринариял ы қ және фитосанитари я л ы қ келісімдер, хаттамалар	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
30.	Ветеринариял ы қ-профилакт икалық іс-шараларды жүргізу үшін с а т ы п алынатын аса қауіпті ауруларға қ а р с ы ветеринариял ы қ препараттард ы халықаралық стандарттар бойынша сертификатта у	Қазақстан Республикасы н ы ң Үкіметіне ақпарат	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
31.	Ветеринариял ы қ инфрақұрылы мды дамыту мақсатында ветеринариял ы қ объектілерді ( ветеринариял ы қ пункттер, ветеринариял ы қ станциялар және мал қорымдары) салу, сатып алу және жарактандыру	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	колда бар бюджет қаражаты шегінде	т а л а п етілмейді

32.	Жыл сайын казакстандық кемінде 10 кәсіпорынды үшінші елдердің ЕАЭО нарықтарына жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты экспорттау құқығы бар кәсіпорындардың тізіліміне енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
33.	Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ағымдағы жай-күйі мен қызмет нәтижелеріне кешенді талдау жүргізу	талдау есебі	АШМ	2026 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
34.	Өңірлердегі табысты ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тәжірибесін зерделеу, кейіннен үздік практикаларды кеңінен тарату бойынша ұсынымдар әзірлеу	ЖАО-ға хат	АШМ	2026, 2027 және 2028 жылдардың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
35.	Ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде жүн мен тері жинаудың	Қазақстан Республикасының	АШМ		-	БТИ (ЕДБ мен қаржы институттарының

	сервистік-дайындау орталықтарын құру	Үкіметіне ақпарат		2026 жылдың төртінші тоқсаны		тартылған қаражаты)
36.	Е А Э О техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін импорттық және отандық өнімдерге (сүт, сүт өнімдері, ет және ет өнімдері, жемістер мен көкөністерден алынған астық және шырын өнімдері) қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М, Қаржымині, ЖАО	жыл сайын, 2026 – 2028 жылдар	талап етілмейді	талап етілмейді
37.	Шикізатты және дайын ауыл шаруашылығы өнімдерін ел ішінде тасымалдау бойынша және шикізаттық емес тауарларды экспорттау кезіндегі ахуалды жақсарту үшін логистиканың проблемалы мәселелері бойынша (вагондардың тапшылығы, жүктерді жеткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ, КМ, ҚТЖ (келісу бойынша), "Атамекен"	жыл сайын, 2024 – 2028 жылдар	талап етілмейді	талап етілмейді

	жылдамдығының төмен болуы, локомотивтік тартымның жетіспеушілігі, тасымалдау тарифтерінің жоғары болуы, шикізаттық е м е с тауарларды тиіп-жөнелту бойынша басымдықтың болмауы және т.б.) жедел шаралар қабылдау		ҰҚП (келісу бойынша)			
5-бағыт. АӨК субъектілерін оқыту						
38.	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің басшылары мен мүшелері үшін оқыту модульдерін әзірлеу және енгізу	АШМ-ға ақпарат	"УАҒБО" КеАҚ (келісу бойынша)	2026 жылдың төртінші тоқсаны	талап етілмейді	талап етілмейді
39.	Табысты жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтері базасында барлық өңірлерді қамти отырып, жеке кәсіпкерлер мен фермерлер үшін оқыту семинарларын өткізу	АШМ-ға ақпарат	ЖАО	2026-2027 жылдар	талап етілмейді	талап етілмейді
	Әкімдіктердің жергілікті жерлерде ауыл шаруашылығы					

40.	ы кооперативте ріне қатысудың артықшылықт ары туралы түсіндіру семинарларын өткізуі	АШМ-ға акпарат	ЖАО	2026 – 2027 жылдар	талап етілмейді	талап етілмейді
41.	"Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің талаптары бойынша ет өндірісінің барлық субъектілері арасында оқыту жүргізу	Қазақстан Республикасы ның Үкіметіне акпарат	АШМ, ЖАО, "УАҒБО" КеАҚ (келісу бойынша)	жыл сайын, 2026 – 2028 жылдар	республикалы қ бюджетте көзделген қаражат шенберінде	РБ**

Ескертпе:

\* Егіс алқаптарының құрылымы бюджет қаражатының бөлінуіне, нарық конъюнктурасының өзгеруіне, сондай-ақ іске асыру түрлеріне, дайындық деңгейіне және инвестициялық ірі жобалардың, оның ішінде шетелдіктер қатысатын жобалардың жүктемесіне байланысты жыл сайын қайта қаралуы мүмкін;

\*\* АШМ 2026 – 2030 жылдарға арналған даму жоспарында көзделген қаражат.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

"АНК" АҚ – "Аграрлық несие корпорация" акционерлік қоғамы;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

"Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ – "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Еуразия" ТСО – "Еуразия" трансшекаралық сауда орталығы;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ЖҚШ – жеке қосалқы шаруашылықтар;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

РБ – республикалық бюджет;

САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс ақпараттық қоры (асыл тұқымды жануарлар және селекциялық процеске тартылған жануарлар туралы деректерді жинау, жинақтау және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі, жануарлардың

генетикалық әлеуетін жетілдіру және арттыру, сондай-ақ асыл тұқымдық өнімді ( материалды) есепке алу үшін пайдаланылады, уәкілетті орган айқындаған оператор сүйемелдейді);

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

"Орталық Азия" ХӨКО – "Орталық Азия" халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы;

ІҚМ – ірі қара мал;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ҰҚМ – ұсақ мал.

Қазақстан Республикасының  
агрэоэкономикасын дамытудың  
2026 – 2028 жылдарға арналған  
кешенді жоспарына 1-қосымша

### Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру: бидай, мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Абай	234,1	234,1	234,1	234,1
Ақмола	3 883,6	3 843,6	3 813,6	3 783,6
Ақтөбе	319,7	319,7	319,7	319,7
Алматы	35,8	35,8	35,8	35,8
Атырау	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	162,9	170,7	168,9	165,2
Жамбыл	157,7	145,1	145,1	145,1
Жетісу	87,6	87,6	87,6	87,6
Батыс Қазақстан	187,0	202,7	198,0	196,0
Қарағанды	779,2	779,2	779,2	779,2
Қостанай	3 401,5	3 371,5	3 331,5	3 301,5
Қызылорда	10,3	8,9	10	10
Маңғыстау	-	-	-	-
Павлодар	614,9	614,9	614,9	614,9
Солтүстік Қазақстан	2 137,0	2 107,0	2 077,0	2 037,0
Түркістан	240,7	240,7	240,7	240,7
Ұлытау	17,6	20	17,6	17,6
Астана қаласы	1,0	1,0	1,0	1,0
Алматы қаласы	-	-	-	-
Шымкент қаласы	4,3	4,3	4,3	4,3
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>12 274,6</b>	<b>12 186,8</b>	<b>12 079,0</b>	<b>11 973,3</b>

### Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру: жүгері, мың га

--	--	--	--	--

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Абай	8,1	9,0	9,0	12,0
Ақмола	0,3	15,0	25,0	35,0
Ақтөбе	1,5	1,5	1,5	1,5
Алматы	48,7	58,0	60,0	70,0
Шығыс Қазақстан	0,9	3,0	3,0	5,0
Жамбыл	18,2	30,0	50,0	60,0
Жетісу	42,2	47,4	55,0	65,0
Батыс Қазақстан	2,0	2,0	2,0	2,0
Қостанай	3,6	15,0	25,0	35,0
Қызылорда	1,7	10,0	15	17
Павлодар	4,9	4,9	11,0	30,0
Солтүстік Қазақстан	2,8	15,0	25,0	35,0
Түркістан	39,6	55,0	60	70
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>174,6</b>	<b>265,8</b>	<b>341,5</b>	<b>437,5</b>

### Егіс алқаптарының құрылымын әртарапандыру: майлы дақылдар, мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Абай	339,4	322,0	322,0	322,0
Ақмола	495,4	534,0	552,2	569,2
Ақтөбе	60,3	62,6	62,6	62,6
Алматы	23,8	24,5	24,5	24,5
Шығыс Қазақстан	259,5	232,3	232,3	232,3
Жамбыл	38,0	40,0	40,0	40,0
Жетісу	106,2	105,4	105,4	105,4
Батыс Қазақстан	137,0	123,1	123,1	123,1
Қарағанды	78,1	88,0	88,5	89,0
Қостанай	873,5	887,0	905,2	922,2
Қызылорда	6,4	6,1	6,1	6,1
Павлодар	518,8	530,0	530,0	530,0
Солтүстік Қазақстан	978,8	1 000,0	1 018,2	1 034,2
Түркістан	73,0	86,6	86,6	86,6
Шымкент қаласы	2,3	3,0	3,0	3,0
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>3 990,5</b>	<b>4 045,6</b>	<b>4 100</b>	<b>4 150</b>

### Егіс алқаптарының құрылымын әртарапандыру: азықтық дақылдар, мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
---------	-----------------	----------	----------	----------

1	2	3	4	5
Абай	134,7	137,0	143,0	151,0
Ақмола	336,6	353,0	370,0	389,0
Ақтөбе	262,8	264,0	274,0	285,0
Алматы	203,8	204,0	210,0	219,0
Атырау	4,9	5,0	5,0	5,0
Шығыс Қазақстан	108,1	132,0	137,0	142,0
Жамбыл	181,3	186,0	188,0	190,0
Жетісу	90,5	96,0	100,0	104,0
Батыс Қазақстан	208,8	210,0	224,0	240,0
Қарағанды	172,2	195,0	210,0	230,0
Қостанай	509,3	559,0	581,0	604,0
Қызылорда	69,4	74,0	78,0	82,0
Маңғыстау	0,1	-	-	-
Павлодар	263,7	264,0	282,0	302,0
Солтүстік Қазақстан	293,0	405,0	420,0	435,0
Түркістан	229,9	230,0	246,0	263,0
Ұлытау	5,1	5,0	5,0	5,0
Астана қаласы	0,8	-	-	-
Шымкент қаласы	2,1	2,1	2,1	2,1
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>3 077,3</b>	<b>3 321</b>	<b>3 475</b>	<b>3 648</b>

### Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру: күріш, мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Алматы	7,7	5,8	5,2	4
Жетісу	1,0	1,0	1,0	1,0
Қызылорда	80,9	70,0	70,0	70,0
Түркістан	10,9	3,5	3	2,5
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>100,5</b>	<b>80,3</b>	<b>79,2</b>	<b>77,5</b>

### Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру: қант қызылшасы, мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Алматы	0,2	0,2	0,2	0,2
Жетісу	12,2	12,2	15,5	16,0
Жамбыл	6,6	8,5	23,5	24,0

ҚР бойынша жиыны	19,1	20,9	39,0	40,0
------------------	------	------	------	------

### Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру: картоп (АШТӨ), мың га

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
---------	-----------------	----------	----------	----------

1	2	3	4	5
Абай	1,9	2,5	2,7	3,0
Ақмола	3,9	4,1	4,5	4,9
Ақтөбе	1,9	2,1	2,3	2,5
Алматы	4,6	4,8	5,2	5,7
Атырау	0,4	0,5	0,5	0,6
Шығыс Қазақстан	0,9	2,1	2,3	2,5
Жамбыл	6,0	6,2	6,8	7,4
Жетісу	3,7	3,8	4,1	4,5
Батыс Қазақстан	1,7	1,9	2,1	2,3
Қарағанды	10,7	11,2	12,2	13,4
Қостанай	7,1	7,3	8,0	8,7
Қызылорда	0,3	1	1,1	1,2
Маңғыстау	-	-	-	-
Павлодар	27,5	27,6	30,1	32,9
Солтүстік Қазақстан	5,3	7,5	8,2	9,0
Түркістан	8,7	11,5	12,5	13,7
Ұлытау	0,1	0,1	0,1	0,1
Астана қаласы	0,03	-	-	-
Алматы қаласы	-	-	-	-
Шымкент қаласы	0	-	-	-
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>84,5</b>	<b>94,2</b>	<b>103</b>	<b>112</b>

Қазақстан Республикасының  
агрөэкономикасын дамытудың  
2026 – 2028 жылдарға арналған  
кешенді жоспарына 2-қосымша

### Жұмыс істеп тұрған өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі: бидай өңдеу, %

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
---------	-----------------	----------	----------	----------

1	2	3	4	5
Абай	18,0	23,1	24,7	26,0
Ақмола	14,8	17,0	19,3	22,0
Ақтөбе	100	100	100	100
Алматы	100	85,7	88,5	90,0
Атырау	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	66,0	68,4	69,1	73,0

Жамбыл	38,5	39,4	40,4	41,0
Жетісу	11,8	12,3	12,7	13,0
Қарағанды	26,9	27,1	29,8	33,0
Қостанай	40,3	40,7	42,6	45,0
Маңғыстау	61,3	62,5	65,6	68,0
Қызылорда				
Павлодар	27,5	31,8	33,1	35,0
Солтүстік Қазақстан	32,9	33,2	34,2	36,0
Түркістан	50,3	52,2	54,8	56,0
Ұлытау	42,1	44,4	47,6	50,0
Шығыс Қазақстан	39,9	40,6	41,5	42,0
Алматы қаласы	86,6	91,5	93,9	96,0
Астана қаласы	57,2	60,1	61,6	62,0
Шымкент қаласы	44,7	46,7	47,7	50,0
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>35,8</b>	<b>36,6</b>	<b>38,3</b>	<b>40,0</b>

### Жұмыс істеп тұрған өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі: майлы дақылдарды өңдеу, %

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
---------	-----------------	----------	----------	----------

1	2	3	4	5
Абай	80,9	81,0	82,4	85,3
Ақмола	47,5	48,3	51,2	54,1
Ақтөбе	39,6	44,1	49,6	52,4
Алматы	57,1	60,4	66,5	70,5
Атырау				
Батыс Қазақстан	31,1	37,0	41,6	46,2
Жамбыл	18,8	28,8	32,4	36,1
Жетісу	33,1	36,7	39,5	50,8
Қарағанды				
Қостанай	69,0	69,2	70,1	71,8
Маңғыстау				
Қызылорда				
Павлодар	15,8	17,3	24,2	31,1
Солтүстік Қазақстан	38,6	38,7	43,2	49,3
Түркістан	14,0	15,3	22,9	30,6
Ұлытау				
Шығыс Қазақстан	64,9	69,4	70,4	71,6
Алматы қаласы	98,7	99,3	100,0	100,0
Астана қаласы				
Шымкент қаласы	21,4	22,3	22,3	28,3
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>50,4</b>	<b>51,0</b>	<b>53,2</b>	<b>56,3</b>

## Жұмыс істеп тұрған өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі: ет өңдеу, %

Өңірлер	2025 жыл (факт)	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Абай	80	83	84	86
Ақмола	47	49	50	52
Ақтөбе	88	90	91	93
Алматы	77	79	81	82
Атырау	32	37	39	41
Батыс Қазақстан	88	90	91	93
Жамбыл	31	31	33	34
Жетісу	81	82	83	83
Қарағанды	68	69	71	72
Қостанай	56	62	66	72
Қызылорда	15	17	20	22
Павлодар	91	93	95	96
Солтүстік Қазақстан	79	80	81	82
Түркістан	43	44	46	50
Шығыс Қазақстан	76	78	84	85
Алматы қаласы	69	70	73	75
Астана қаласы	40	41	42	44
Шымкент қаласы	69	71	75	77
<b>ҚР бойынша жиыны</b>	<b>63</b>	<b>65</b>	<b>67</b>	<b>70</b>